

**Күршім аудандық мәслихатының 2014 жылғы 18 сәуірдегі № 17-6 "Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 2016 жылғы 11 сәуірдегі N 2/6-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 06 мамырда N 4540 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 2019 жылғы 28 ақпандағы № 34/6-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 28.02.2019 № 34/6-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 бабының 5 тармағына сәйкес, Күршім аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Күршім аудандық мәслихатының "Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы" 2014 жылғы 18 сәуірдегі № 17-6 шешіміне ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3298 нөмірімен тіркелген, 2014 жылғы 4 маусымда № 42 "Рауан" және "Заря" аудандық газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

**1 т а р м а қ т а :**

**екінші абзац келесі редакцияда жазылсын:**

"Мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, ветеринария және спорт ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек 15000 (он бес мың) теңге көлемінде берілсін.";

**үшінші абзац келесі редакцияда жазылсын:**

"Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының мамандарына отын сатып алу

үшін әлеуметтік көмек Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының шешімімен  
белгіленген кәлемінде беріледі.".

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн  
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*С. Кудедаева*

*Күршім аудандық*

*мәслихатының хатшысы*

*М. Сағанақов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК